

## Квота белгілеу туралы

### *Күші жойған*

Жамбыл облысы Сарысу ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 27 наурыздағы N 44 қаулысы. Сарысу аудандық Әділет басқармасында 2012 жылғы 16 сәуірде 6-9-134 нөмірімен тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Сарысу ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 18 қазандағы №197 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Сарысу ауданы әкімдігінің 18.10.2023 № 197 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

РҚАО ескертпесі:

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7 бабының 5-5), 5-6) тармақшаларына сәйкес, Сарысу ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жұмыс орындарының жалпы санының бір проценті мөлшерінде қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгіленсін.

**Ескерту. 1 тармақ жаңа редакцияда - Сарысу ауданы әкімдігінің 27.08.2013 № 292 қаулысымен (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б. Боранбаевқа жүктелсін.

*Аудан әкімі*

*Ж. Омаров*